
ЭТНОМЭДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАҢЫМ

ӘОЖ 305.8

Ә 19

С. ӘБУШӘРІП

Философия ғылымдарының кандидаты, доцент

Түркология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері

ЭТНОС ЖӘНЕ ЭТОС

Мақалада этос этникалық және ұлттық өздік сананың рухани-психологиялық өзегі мен негізі ретінде қарастырылады. Этостың мазына-мазмұны ашып көрсетілген. Оны құрайтын құндылықтар мен қалыптардың көріністері берілген.

Кілт сөздер: этнос, этос, рухани-психологиялық негіз, құндылықтар мен қалыптар, архетиптер.

Этникалық және ұлттық өздік сананың рухани-психологиялық және саналық өзегі мен негізі – этос. Мұның грекшеден сөзбе-сөз тәржімелегендегі мағынасы – әдет-ғұрып, мінез-құлық. Антикалық пәлсапада этос жалпы алғанда әлдекандай адамның немесе құбылыстың ішкі сипаттың бейнелейтін ұғым ретінде қолданылған. Ал, экзистенциялық пәлсапа оны адамның рухани мәнін, сол мәнділіктің негізін құрайтын функционалдық мазмұндағы ерекшеліктерді білдіретін термин ретінде қарастырады. Қысқаша мазмұндасақ, этос – әлеуметтік нормалар мен рөлдік функциялар кейпінде көрінетін қоғамның еркін білдіруі. Оны ұstem болып тұрған құндылықтар мен әдел қалыптарында, сондай-ақ, жергілікті тұрғындардың негізгі массасының тұрмыс-салты мен әлеуметтік жағынан ұйымдастырылған ерекшеліктерінде бейнеленген, әлеуметтік-этникалық қауымдастық мәдениетінің жинақталып-жалыланған сипаттамасы түрінде туғызылады [1, 94-б.].

Этос – бұл қүштеу механизмдері мен қозғау салатын шешімдерді жүзеге асыру негізінде қауымдық өмірді реттеу мен нықтауға қаратылған іс-әрекеттерде басшылыққа алынатын бастаулар, нұсқаулар, ережелер, үлгілер мен эталондар. Бұл жайт белгілі бір мұddeлдерді қорғаудан туындаиды. Жоғарыда сөз болған этос мазмұны іс-әрекеттің диспозициялары, санкциялары және шарттарымен айқындалады. Этос отбасынан басталып, еңбек ұжымында, көше-көлікте, жалпы этностық тұрмыста көрінісін тауып жатуға тиіс. Мұнда адамгершілікті орнықты ететін этникалық дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сана айрықша рөл атқарады. Сайып келгенде, адам деген атқа ие болу үшін адамның дені сау, есінің дұрыс болуы жеткіліксіз, оның гуманитарлық, яғни адамгершілік қасиеттері болуы тиіс.

Айта кету керек, гуманитарлық құндылықтар саясаттандырылмауы ләзім. Сонымен бірге оларды саясаттан мүлдем ажыратып алғы қарастыруға болмайды. Гуманитарлық кодекс (мінез-құлық ережелерінің жинағы) қазақтардың ғасырлар бойы зардап шегіп, төгілген көз жасы, қаны мен терінің туындысы. Гуманитарлық топка, тапқа, бүтін басты қауымға бауыр

Әбүшеріп С. Этнос және этос.

басып кетуден басталған қатардағы тұғырлардың бірі емес. Ол адамгершілік абсолюттерінің шоғырлануы. Қалғандары – саясат, ғылым т. б. осынау абсолюттік құндылықтардың іргетасына құрылуды керек. Өйткені, гуманитарлық құндылықтар абсолюттік сипаттас болып келеді. Оларды басқалай мүдделер мен жәйттерді ақтау үшін құрбандықта шалуға болмайды. Керісінше, адамгершілікті сақтап қалу мақсатында басқаларды оған құрбан етуге болады. Адамгершілік абсолюті бір нәрсені – материалдық игіліктерді, билікті т. б. жөнсіз, қысынсыз иеленуге қарсы тұрады. Соңдықтан одан тоғышарлар, әпербақандар, арсыздар бойын аулақ салады. Әсіресе, бонививандарға (өзіне жағдай жасауды ғана ұнататын адам), бұрандалы дәкірлерге «адам» керек емес. Гуманитарлық абсолюттер эмпирикалықтан тысқарыда, тәжрибеліктен жоғары тұрады. Оларға сыннан өтудің қажеті жоқ. Гуманитарлық – болмыстың ең жоғарғы құндылығы. Ол көңілін ұдайы тектілік, бескэттылық және адамгершіліке аударады, өткінші, уақытша, әбігерленушілікпен (экономикалық-саяси өлшемдермен) сыйыспайды. Гуманитарлық (ізгіліктік) қандай да сөтті болмасын, қазіргіден, яғни уақытшалық, өткінші нәрседен қанағаттанбаушылық сезімі пайда болған жерде басталады. Демек, гуманитарлық әдет емес, ол – сенім, өмір салты және іс-әрекет тәсілі [2, 442-448-б.]

Әтосты құрайтын құндылықтар мен қалыптардың көріністері қандай? Оларды адамдардың сөздерінен, шыгармашылық туындыларынан, рухани ізденістерінен, қобалжұларынан, тіпті қуанышы мен азап шегуінен де жазбай тануга болады. Соңдай-ақ, адамдардың өз халқының өткені, қазіргі жағдайы мен келешегіне байланысты аландаушылығынан осы құндылықтардың нышанын көруге болады. Мұны олардың табиғат, қоғам және билік институттары туралы түсініктерінен де байқауға болады. Өз-өзінен көрініп тұрғанындей, бұлардың бері ұлттың өзіндік санасының, ары қарай кеңейтіп айтатын болсақ, ұлттық сананың мазмұнын құрайды.

Сонымен қоса әлеуметтік-этникалық этос құрамынан белгілі бір мөлшерде осы қауым мен индивидтің қолтығынан демеп, дем беретін, арқасына сүйеу болатын, әсіресе доминанттық маңызға ие болған этникалық, тарихи-мәдени, экономикалық, саяси және идеологиялық құндылықтар мен қалыптардың алатын орны ерекше. Этностиң басты ерекшеліктері осынау қоғам есіріп-өркендететін кісліліктің, кісінінің негізгі типтерін анықтайды (мысалы, спартандық). Әрине, әлеуметтік құрылым қаншалықты курделі болса, ол индивидтердің соншама көптеген типтерін қалыптастырады. Өркениетті ауқатты, бақытты өмір сүру үшін курделі құрылымдық нормалар мен құндылықтарға ие болған этос жақсы ма, әлде қарапайым этос жақсы ма, оны айту қыын. Мәселе – басқада болып отыр, яғни бұл құрылымның өз тұрақтылығын, түрін, келбетін, бейімділігін сақтай алуы, "күштілердің" қолайы мен қысымынан қоргана алуы, өз өмірін, тағдырын, эволюциясын

сырткы күштерден қорғай білуі, өзінің өз-өзінен бұзылуына жол бермеуі сияқты қабілетінде деп білеміз.

Австриялық зоологтар К. Лоренц пен Н. Тинбергендер биологиялық заңдылықтарды адамның тәртібін түсіндірге қолдануға болатындығын дәлелдеген. Олардың пікірінше, барша күрделі күрылымдардың басты функциясы түрлі-түстілікті сақтауга қаратаған іс-әрекетпен етене байланысты. Бұл ретте осынау тезисті қабылдап, қолданғанда абай болу керек екендігін еске сала кеппекшіміз. Себебі, кез келген инварианттар адамнан өз еркіндігін құрбандағы шалуын талап ететін сияқты болып көрінуі мүмкін, бірақ мұнымен келісе қою қын, өйткені еркіндік өз бетінше интерналдық сипатқа ие болып, сырткы факторларға іштей тәуелді емес.

Себебі, идеалда кісіліктің бірден-бір жалғыз типі – еркін адамның қалыптасуына мүмкіндік беретін ете қарапайым, бірақ сенімді әлеуметтік күрылымның болуы мүмкін фой. Әлеуметтік-этникалық этостиң нақ осындай күрылымы ғана қоғамның табиги эволюциялық жолмен өрлеуін қамтамасыз ете алады. Соңдықтан да көптеген ойшылдар адамзат тарихының басы-бастауын революциялық емес, эволюциялық жолмен байланыстырады. Революциялар этостиң ішкі қатынастарын қоғамдап-ұйымдастыруды қамтамасыз ететін әлеуметтік ақпарат күрылымын бұзуга бағытталған іс-әрекеттер мен қозғалыстар болып табылады. Қоғамдық этостиң күрылымын ізінен шығару – күрылымдық жойқындылықтың ең қатерлі түрлерінің бірі, өйткені ол адамның әдеп-әдеті мен жүріс-тұрысын оның өз бақылауынан, назарынан тыс қалдырады; сол қоғамда қалыптасқан типтің аман қалуына қауіп төндіретін және революциялық жағдайда да қоғамды сауықтыру үшін тиімді жол таңдай білуге бірден-бір әлеуеті мен қабілеті жететін әлеуметтік зиялыштық (интеллект) пен ақыл-парасаттылықты тоқтатып, іске асырмай тастанайтын, қалыптасқан байланыстар жүйесін талқандайтын күштерді жүзеге келтіріп шығарады. Қоғамдық-этникалық этостиң жүйесізденуі оны өзінің жойылып кетуіне кіріптар етіп қана қоймай, коэволюциялық процестің бұзылуымен байланысты жүзеге келетін басқалай апattарға жол ашып береді. Бұрынғы атам заманында, одан кейінгі келесі кезеңдерде, әсіресе этостиң қаймағы бұзыла қоймаған кезде күрылымның (қоғамдық, саяси және басқа салаларындағы) бұзылуы этнос пен адамның қалыпты өмір сүруіне айтарлықтай қауіп туғызбаған болатын. Ол заманда қандай қатерлі жағдайға тап болса да этос адамдарға не істеп, не қою керектігін инстинкті түрде білдіріп отырған. Және этникалық қоғам өмірлік маңызы бар императивтерге ие болатын. Ал "революциялық секірістердің" бел алуына байланысты бұл императивтер (бағыну, мойынұсыну) әлеуметтік интеллекттен шайылып жіберіледі. Мұның өзі адамзат қоғамының эволюциясын былай қойғанда, коэволюцияның ойсырай бәсекеүіне әкеліп соқтырады.

Интеллект, сезім, қобалку, көңіл-күй, әдет-ғұрып, салт, қалып, үміт, талғам, таңдау, жақсы көру, бейіл – мұның бәрі әлеуметтік-жағымды және

Әбушәріп С. Этнос және этос.

жағымсыз болып келетінін айта кету керек. Жағымды архетиптер адамдар өздерін бақытты деп есептеген кезде (оны балғын балалық шағын еске түсіргендегі сезімдерімен салыстыруға болады), яғни өмірден ең үйлесімін тапқан, оның жарқын әрі еркін кезеңінде санада, тіпті болмаған жағдайда саналы түйсіктерде көрінеді. Ал жағымсыз архетиптер этостиң азайып-айныған, шырқы бұзылыған, сырқат кезінде, тарихтың дағдарыска толы кезеңінде жүзеге шығады. Олар халықтың санасыз жағдайындағы тарихи оқигалардың "іздері" де болып табылады. Бірақ жақсылықтың емес, келеңсіздіктің, оның үстіне санадағы сараланбаған, саналыланбаған, өндемеген келеңсіздіктің іздері. Дәл осындай архетиптер дағдарыстар кезеңінде әлеуметтік интеллект мүмкіндіктерінің шектелуі мен күрт төмендеуін, бұқаралық сананың иррационалдық деңгейге көшуін (адамның жағдайы нашарлаған кезде Құдайды аузына ала бастайтын әдеті де бар емес пе?), қоғамдық сананың айнып-аузын әзірлейтін және қолтума санадағы ең ақырғы парасатты да рационалды компоненттерді ысырып тастай алатын, тіпті бұл сананы қайдағы бір жарамсыз қоқыстармен толтыра салуга бейіл тұратын құштер мен процестерді азықтандырады. Ал әлеуметтік зиялыштың жойылуы мен жоқтығы өз кезінде жағымсыз архетиптерді тудырады, мұны естен шығармауымыз керек болады.

Жоғарыда тілге алынған архетиптер қалай пайда болады? Эрине, оның дәл уақытын айту қын, оның үстіне түрлі жерлер мен елдердегі архетиптердің хронологиялық жасы да алуан түрлі болып келеді. Қазақ этосына қатысты архетиптерге келетін болсақ, олар негізінен Ресейдің Қазақстанды отарлауына байланысты әлеуметтік-саяси және шаруашылық өмірді реттеуге ұмтылған адамдардың жаңа бір тобы (ең басында отаршылдардың басқару аппараттарының қызметкерлері; төменгі сатыда жергілікті тұрғындардың өкілдерінен жасақталған шенеуніктер жүйесі – хандар, сұлтандар, билер, старшындар) пайда болған кезеңге тұра келеді деуге болады. Салмақты да маңызды архетиптердің негіздері, бәлкім, бұдан да бұрынғы кезеңдерге, ең берісі жонғарлар мен татар-монголдар шапқыншылықтарының, мүмкін діни сенім-нанымдардың ауысуы (әсіресе, исламның қабылдануы мен тараптуы) белең алған дәуірлерге тұра келетін шығар. Бұл жерде тарихи фактілерді санамалап отырудың қажеті шамалы. Мәселе – дистресстік тәжірибе архетиптері қандай жолдармен қалыптасады, міне, соның механизмін анықтауда жатыр.

Өз қалпында қалып, қарекетте көрінетін әлеуметтік зиялышты алайықшы (оны бұл ретте нақтылы этос дамуының белгілі бір деңгейіне сәйкес келетін, әрбір қоғамдық жағдайға байланысты өзінің нақтылы "жаяубын" бере алатын, әсерлесудің мүлдем жаңа әрі соны әдістерін пайдалана және таба білетін қабілетке еге болған құрылым ретінде түсінеміз). Интеллектуалдық дамудың осындай деңгейінде тұрған қауым (оның ішінде этос та) стрестік революциялық ситуацияларға тап бола қалған

жағдайда, оларды шеттеп, айналып өтіп, тиімді жолмен жүрге шамасы жетеді. Бірақ жойқын күштің аты – күш. Соңдықтан да көп жағдайларда қиратушы күш өз дегенін істемей қоймайтындықтан, белгілі бір сәтте ескі құрылым қирайды және объектілер үйымдастырың бұзылуына байланысты әлеуметтік зиялыштық іске қосылмай, іске аспай қалады. Нәтижесінде қоғамның немесе оның "тағдырын" шешетін бөлігінің жүзеге келген құбылыстарды қандай болса, сол күйінде көре алу және әсерлесудің тиісті әрі тиімді әдістерін таба алу сияқты қабілетін толығымен іске асырмай және тоқтатып тастайтын белгілі бір эффект пайда болады. Реттеушіліктің автоматизмдер, шаблондар, әдеттер және тәртіптің дисстрестік архетиптері сияқты түрлерінде көрінетін, ендеше жаңа регулятивтік ваакумдық жағдайда пайда болатын мұндай эффект бүтін бағыттың қауым үшін тарихи трагедия болып табылады. Осынау трагедияның мәнісі мен бағыт себебі әлеуметтік зиялыштық толығымен іске аспай қалған жағдайда да өмірдің жалғаса беретінін; осындай жағдайда әрекет ететін қарқынды интеллектуалдық диірменнің өңдеуіне үсті-үстіне келіп жататын информациялардың көбейе түсінен, осыдан барып қорытылмаған информациялардың әлеуметтік-этникалық естің қоржынынан бір-ақ шығынан деп білеміз. Керініп тұрганындағы, дисстрестік жағдайдағы еске сақтау "дени сау" зиялыштықтың, "ходы" жүріп тұрган кезге қарағанда мұлдем басқаша кешеді екен. Ой жүгіртіп көрініз: Кеңес өкіметі тұсында біздің қауым мен этосымыз құлдырап, бұлғынп қетті. Бірақ өндіріс пен өмір тоқтап қалған жоқ. Керісінше, КСРО әлемдегі өсіреимперия, өсіредержава қалпында қала берді емес пе? Азаматтар жұмысқа келіп-кетіп жатты, іс атқарылып жатты – қысқасы өмір дегеніңіз сарқ-сүрк қайнап жатты. Мұның бәрі қоғамдық, ұлттық, этникалық құндылықтардың адам айта аларлықтай емес деңгей мен көлемдегі бұзылуымен қоса жүрді. Бірақ қоғаммыз өркениетті өмір сұру деңгейіне жете алған жоқ. Осынау жүйенің қазақтарға жат екендігіне қарамастан, қалыптасқан жағдай олардың қазақтардың оны ең дұрыс, ең жақсы, ең әділетті құрылым деп қана білетін қарабайыр ұғымына өзгеріс енгізе алмады. Қазақтар оны ең жақсы, ең әділетті құрылым деуден бір таңбады. Жалғанжасық информациялар қабылданған үстінен қабылдана берілді. Оған сенгендер мен сенушілер көбеймесе еш азайған емес. Себебі, халықтың этосы бұзылған еді. Ол информацияны, әлемді, қоғамды, адамды төл этос елегінен өткізу мүмкіндігінен әлдекашан айрылған еді. Деформациялар мен десстрестік этос айналайын Кеңес өкіметі тұсында ғана пайда болды ма? Жоқ, әлбетте.

Халықты дүрбеленге салып, зиялыштарын түңілдірген ақырзаманның шын аты, сойқанды аты – отаршылдық, елді өз дәстүр-салтынан, этосынан айырған патша тәртібінің орныға бастауы болатын. Расында да "есіктен кіріп төр менікі" дегендей, патша жандайшантары өз үстемдігін, өз салтын, өмір сұру ережелерін мейманасы таси жүріп орнықтыра бастағаны шындық еді. Ата-

Әбушәріп С. Этнос жөне этос.

мекенінен айрылған қазақтар бірте-бірте бостандығынан да, ерік-жігерінен де, үйреншікті тіршілігінен де айрылды. Сөйтіп, ғасырлар бойы ел дидарын танытып келген ата салтынан қол үздірді. Оның әсері халықтың психологиясынан, мінез-құлқынан, адами тірліктерінен де атойлаш көрінді. Мұның өзі өткен мен енді болып жатқан өзгерістердің арасында жік туғызды. Отаршылдық ылана мен кесапаты өршип, қабына тұсті. Ел тірлігінің іргесі сөгілді. Осындаған кептің боларын Жиде-лібайсынды іздең, тыным тапшаған Асанқайғы атамыз да болжап білген еді. Тіпті, сондай қасіреттің таяп қалғанын ұлы жырау Бұқар баба, Дулат Бабатайұлы мен Шортанбай Қанайұлы да күнірене айтқан болатын. Әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысында және XX ғасыр басында ғұмыр кешкен Абай, Ібырай, Асан ақын, Жамбыл қазақ этосы мен этникалық санасының аянышты күй-жайын өз көзімен көріп, қинала отырып қағазға түсірген, жырға қости. Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын, халқым надан болған сон қайда барыш оңайын, – деп күйінген еді Абай. Қазақты осындаған күйге түсірген заман еді, заман болғанда Асан ақын айтқандай ақырзаман еді. Ол "акырзаман" арбап, аздырыдь", – деп тірлікten түңіле торықты. Бұл жерде Асанға ел намысы, қалын әлеумет намысы мен ар-ұят дем беріп, колына қалам ұсташқанын баса айтқан абзал. Өйткені, оның зарын отаршылдық тепкісі деп, ал Асан зары – ата жолынан, ана мейірінен, ел бірлігінен, жақсылардың шапагатына көлденен болып, азып-тозып, байтақ жерінен айрылған әлеуметтің, қалың көпшіліктің зары. Осындаған шырайы жоқ өмірді, тозғындыққа ұшыраған қалын елінің күніренген даусын, ал ұргызыған азабын айтуда келгенде Асан іркілмей, қайраттанып кетеді.

Ақынды ашындырып, өмірден түнілдірген ақыр заманың нағыз аты – қазақ жеріне иелік етүмен тынбай, осы халықтың ар-ұятын аяқта басқан, өтірік пен өсекке, дау-жанжалға, қатыгездік пен харамдыққа арқа сүйеп, ұртын майларатқан Ресей империясының отаршылдығы еді. Мұндай сез ол кезде тосын, әлі ел жадына сіңбеген еді. Сондықтан да Асан бұқараға жақын, таныс сөздерді қолданып, "акыр заман", "әлеумет", "кулық", "арамза заман" деп сөйлейді. Ерді намыс өлтіреді. Асаның сүйгені де, таяныш еткені де – намыс, жұрт намысы, зарлы күйге түсken халық намысы. Егер отаршылдық, патша өкіметі жақсылық әкелсе, бөтен жерде жанжал шығар ма еді, елдің намысын коздырап ма еді? Ғасырлар бойы қылыштың жузімен, найзаның ұшымен қорғалған ел намысын сақтауға, ел тыныштығына, қауым бүтіндігіне үйіткі болар еді, дін мен иман игіліктеріне араша түсер де еді. Жоқ, бұл есек дәме болатын. Қоқан хандығының қоқандауы былай қалды. Қара халықты темір етіктің табанына салды, намысына тиіп, бабалар жолын қиып тастанды. Ол, ол ма, отаршылдық пен теңсіздік – әлеуметті ашындырған ақыр заман ел ішіндегі дурдараздықтың, алауыздықтың, ішмерездік пен сатқындықтың қара бұлтын үйітқыта келген еді. Сондай кесапат заман бұлты үйіріліп түрган кезде ата-баба дәстүрінің алтын діңгегі шайқалмағанда қайтетін еді:

отаршылдықтың отты ойраны кызды анадан, ұлды экеден бездіріп жіберді. Бауырластар баянсыз болып, іштен жау шықты, сөйтіп әлеуметтің зығырданын қайнатқан ақыр заман ақын жүргегіне шоқ тастады [3].

Бүгіндері ұлы ақын Жамбылдың жырына үнілсек, ол астарлап болса да сол стрестік ситуациядан кейінгі қазақ этосының жағдайын айтқан екен:

Жамбыл көрді жасында,
Шабындыны, шандарды.
Біреуді біреу талаған,
Жыртқыштықты, зандарды.
Жүрсе де халық ашынып,
Осыны қашан анғарды.
Көрсеткендер карсылық,
Қайыршылап сандалды.
Сандалдырып малды алды,
Малды алмады - жанды алды.
Хан-терелер алдаса,
Би-болыстар арбаса,
Шаққыш жылан уытты,
Халықта шыр қалмаса,
Заманның айтақ ақыны,
Кім айттар Жамбыл болмаса, –

деп толғаған екен ұлы ақын [4].

Этностиң этосы және ол шабыттандыра алатын әлеуметтік зиялдылық дистресстік жағдайға тап болса, қауым мындаған, жүздеген жылдар бойы ұстанып келген психикалық бағдар-шамынан айрылып, сен соққан балықтай күй кешіп, күн өткізіп, жел қай жақтан соқса, соның ыңғайы-ығымен жүре беретін әдет тауып алады. Мұның нәтижесінде қауым турасындағы барлық жаңа және бай информация оның өкілдерінің компьютеріне қабылданбай, сол себепті тәжірибеге айналмай қала береді, өйткені әлеуметтік зиялдылық пен этностиң теориялық деңгейіндегі өздік санасының елегінен өтпей, өндөлмеген информация шынында да кәдеге аспай қалады және де этникалық психиканың терең қатпарлары мен түкпір-түкпірлерінде жалпы жағымсыз әсерлер мен реакциялар түрінде шөгіп жата береді. Әрбір дистресстік [5] ситуациядан кейін этникалық этос ақымақ болған үстіне ақылсыз бола береді, меніреулене түседі, өйткені әлеуметтік интеллекттің көбісі өндөлмеген архетиптермен айналыса береді, мұның өзі жаңа шешім қабылдауга септігін тигізбейді. Алдыңғысына айнымай ұқсан келетін әрбір жаңадан пайда болған жойқын сипатты ситуация дистресстік архетиптерді құдды бәйгеге қосатын атты жаратқандай бабына келтіре дайындаиды, олардың қоғамда екпінді де емін-еркін әрекет жасайтын әлеуметтік-психологиялық факторларға

Әбүшәріп С. Этнос және этос.

айналуына себепші болады. Әдетте, әрекет ететін факторлар деңгейіне көтеріле алған дистрестік архетиптер тағы да рационалдық сананы іске қоспай, іске алғысыз етіп тастайды, оның есесіне екіншіді әрекетке көшетін иррационалды сананы алға шығара береді. Адамдардың қоғамдық-тарихи жадында, көңіл-күйінде, тіпті сыртқы кейпінде көрінетін бұл архетиптердің сығымдалған дистрестік іздері ұрпақтан ұрпаққа көшетін қасиетке ие. Яғни дистрестік архетип – бұл осы этнос тапқан, тап болған ішкі конфликт. Бұл конфликт қоғам, оның ішінде жекеленген психика тараپынан түйсініліп-ұтынылса, онда ол өзінің қауіпті, сұрапыл, жойқындық қасиеттерінен айрылады да, жаңа тәжірибеге бастау болу мүмкіндігіне ие болады. Сонда әлеуметтік зиялыштық қарама-қарсылықты дистрестік жағдайды еңсерे отырып, рационалды, табысты, бейімді, ақылды жұмыс істей алады, ал дистрестік архетип қоғамдық реформаторлар тараپынан (оның өзінде саналы түрде емес) қам-қарекеттердің бірден бір дұрыс жолы мен әдісі ретінде танылады. Егер де қайтадан бабына келтірілген архетиптер туралы қоғамның осы бөлігінің өкілдерінің пікірін білгізіл келсе, олардың бұларды қорғаштай бастайтынын көресіз. Мұны олар ешқандай негізі жоқ болса да біздің ұлттық мінез-құлқымыз берілген архетиптеріміздің табиғатынан туындастын жәйт деп жаңын сала түсіндіруге әзір тұрады. Расында мұның өзі біздің әлеуметтік зиялыштықтың қатып-семіп қалуынан басқа ештеңе де емес. Бұл, әсіресе өкімет басшылары, саясаткерлер мен оларға жақын жүрген кіслердің бойынан табылатын жай. Құдды осындағы жандардың рационалсыз, парасатсыз және бейімсіз әдебі мен тәртібі бүкіл халықты жарактап, оның басына сор болып біtedі. Әсіресе, принциптерге ойсыз бас ұру ахуалында тәрбиленген біздің қоғамда бұл әлі орын алыш отыр [6].

Парасатты эволюцияны қоғамда адамдардың белгілі бір шектеушекараларынан тыскаралыптын адаптивтік тәртібі ғана қамтамасыз еті алады (мысалы, исламның немесе христиан дінінің ахлақтық императивтері сияқты). Мұның өзі қоғамдағы ішкі және сыртқы әсерлердің реттеп тұратын регулятордың салматы ішкі конфликттер мен сыртқы факторлардың интегралдық қысымына қарағанда басым болып келгенде ғана іске асуы мүмкін. Егер де субъектінің белсенділігі ситуацияны ұғыну-саналылау, нәрселердің мәнін түсіну шарасынан асып-тасып жатса, бірінші кезекте ақыл-парасат пен өмір логикасы зардан шегеді, үйлесімсізділік күшіне ене бастайды. Құдды белсенділік үйлесімсіздігінің және оның ұзын-ыргасының ұтынылмауының нәтижесінде жалған-жала-жара, қылмыс-қыңыр-келеңсіз қылықтар, қатыгездік-айуандық істер қарқын ала бастайтын болады. Қоғамдық, этникалық құндылықтар мен қалыптар тізбегі быт-шыт үзіледі, қоғамдық сана жаңа жағдайда қалыпты жұмыс істеуге қабілетсіз болып, қының қашып, қайшылықтар қамытын киеді. Рухани өндіріс өнімдеріне

сұраныс азаяды. Осында жағдайсыздық, әсіресе әлеуметтік зияттылықты құрсаулап, тілерсекten тұсап тастайды.

Осынау үйлесімсіздіктен барып қоғамдық белсенділіктің күллі дезадаптациясы (бейімсіденуі) туындал жатады. Үйлесімсіздіктің өзі регуляция заңының бұзылуына байланысты пайда болады. Бұл заң бойынша белгілі бір этос шеңберінде парасатты үйлесімді-үндесімді тәртіпті қамтамасыз етуге қаратаған регулятор және оның энергиясы қарқын алғып тұрган информацияның тасқынына қарағанда қуатты болуы керек.

Жалпыға мәлім, білікті маман-психоаналитик тараپынан ауру адамның жай-күйі тұргысында сауатты да салауатты бақылау мен байқау болмаған жағдайда ол сол адамның сырқат психикасына байланысты (өзі және басқалар турасындағы) өндөлмеген информацияны дұрыс қабылдауды негайбыл, мұның нәтижесінде дертіне дауа да таба алмайды емес пе? Әлеуметтік психика туралы да осыны айтуда болады. Қоғамда регулятордың жоқтығынан өндөлмеген информацияның бір белігі әлеуметтік психикага әсер ете бастайды. Нәтижесінде интеллект іске аспай кала береді де эмоциялық фактор ғана алға шығып, екпіндете әрекет ете бастайды.

Дистресстік ситуация жағдайында қайтадан жүзеге асқан иррационалдылық өз білгенінен қалмай, көпке дейін шаласын бықсыта береді – адам әрекетін шындықта болып жатқан құбылыстармен логикалық жағынан байланыстырмaston-ақ жасай беретін болады. Жүріс-тұрыс, қимыл-козғалыс пен әдет-тәртіптің архетиптері (бұл ұжымдық санасыздық), әсіресе тобырдың бойынан табылып жатады. Тобыр топталған жерде парасатты адамның творчестволық іс-әрекеті әлсірейді, күштен қалады. Әлеуметтік архетиптер актуалданған жерде адаптацияның нормалық (қалыпты) негізі бұзылады да, мәнсіздік үкімі жер-жерде жүре береді.

Егер қоғамда дистресстік тәжірибе өз деңгейі мен мөлшерінде дер кезінде ұғынылмай сан рет қайталана берілсе, сөз жоқ, ондай қоғам парасатты логикалық ойлаудан, творчестволық іс-әрекеттен қалып (өйткені, шынайы шығармашылық проблеманы саналылаумен байланысты), жалпы алғанда автономдық (одан әрі дербестік) бірлік ретінде өмір сүруге қабілетін мүлдем жоғалтып алуы мүмкін. Өйткені, келеңсіз әрі өндөлмеген тәжірибе қоғамның жаңа ситуацияға байланысты қарқынды әсерлесудің дәл, анық, тиімді әдістерін табуына бөгет болады. Нәтижесінде қоғамның тіршілік ету жолдары мен тәсілнамаларын тандауды, жоспарлар мен бағдарларын анықтап, аңгаруды қамтамасыз етуге тиісті және жауапты болып саналатын жоғары-сындарлы инстанцияның патологиялық дамуының себеп-салдары ретінде ұжымдық сананың архетиптері пайда болады. Олар белгілі бір заңдылықтар бойынша әрекет етеді. Солардың бірі – ішкі заңдылық архетипі. Оны реформаторлар сипаттамасының түйіні десе де болады: реформаторлар өздерінің іс-әрекеттерінде заңдылықты, құқұқты, әдет-ғұрыпты немесе дәстүрді, яғни этости және этности сақтайтын,

Әбүшеріш С. Этнос және этос.

сөндай-ақ адамдарға таяныш сезімін ұялататын тетіктерді басшылыққа алғып, солардың ыңғайымен жүрмейді. Олардың құлақ асатыны – ішкі дауыс, сезім, эмоция, ең акырында, "айызы" қанбаган, қанағаттанаған мұқтаждықтар. Соның салдарынан заңды бұзу, қогам мұлкіне, этникалық құндылықтарға жүрдім-бардым қарау үйренішті әдетке айналады. Бұл жағдайдаң біздің қоғамымызда қалыптасып отыргандығы шындық. "Қоғамдық сананың жайы да, саяси институттары да, – деп атап көрсетті Қазақстан Республикасының тұнғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев, – біздің заң шығарушыларымыз шын мәніндегі кәсіблілігін қамтамасыз ететіндей деңгейге жеткен жоқ және әлі жете де алмай отыр" [6].

Жоғарыда сипатталған архетиптер тарихымыздың отаршылдық, құлдық, бодандық кезеңдерінің бәрінде де болған. Олар біздің этостық санамыздың (дурысы, санасылдығымыздың) түбінде шөгіп, жатып қалған. Бұл жәйтті ұғыну мен түсінуге деген ықылас пен ұмтылыстың өзі біздің философиялық немесе саяси әдебиетіміз түгілі, көркем шығармалар мен өнерімізде де болмаған, қазір де жоқ.

Біздің этосымыздың сипаттамасынан иррационалдылық пен қайшылықты бір-бірінен бөліп алғып қарауға болмайды. Қоғамымызда құқықтылық пен жеке адамдардың белсенділігі қандай халде еді? Отken күніміздің шындығы мынау еді: әсіресе, халық үшін жанын пида етуге деген ниетін аңғартқан біреу ойда жоқта ел ішінен жұлдызының шыға келіп, қоғамдық және ұлттық тұрғыдан белсенділік танытты делік. Соңда ол көпшілік тарапынан қолдау табады деп сеніммен айта аламыз ба? Мүмкін, кәдуілгі қасаң болған немқурайдылықтың, ештенеге селт етпей-тін салғырттықтың көрінісіне тап болатын шығармыз. Немесе күлетіндер де табылып қалар (әй мынаган не жоқ, басшылар бар емес пе деген сиякты). Бірақ **КУШТИНІ**, **КУШТІЛІКТІ** мойындеймыйз, өйткені біздің негізгі менталитетіміз **КУШ** колданбасаң болмайды, жұрттыңнамайды дегенге саяды. Тіпті ең ізгі ұмтылыстарымызда да табысымыздың бірінші шарты жоғарыдан тұрып не айтылса, жұрттың соған сенуімен, соны екі етпей орындауымен байланыстырылады. Лауазым-манасатқа қолы жетті ме, болды өзінің қарауындағылардан ешкімді мойындармайды. Айтқанын орыннатуға бейіл тұрады және өктем, өйткені өзі солай қалыптасқан. Жоғарыдағылардың бұйрығын екі етпей өліп-тіріліп орындаітын әдеті – өмірлік-өндірістік серігі. Басқаша болуы мүмкін емес. Жұртқа жайлы ма, онымен жұмысы жоқ. Бұл жөнінде бас қатырып отырудың қажеті шамалы. Тиісті формага сай келетін іс істелінуі керек. Ең бастысы үсті-үстіне үстемелете бұйрық беріп, жұртты жұмысқа (толып жатқан) жұмылдыра білуі керек, соңда қарапайым жандар түгілі, мен-мен деген творчество адамдары да өздерін қоярға жер таба алмай, асып-сасып қалары хақ. Сөйтіп өмір өте береді. Жоғарыдағыларға жағына, жақсы көріне алса болды. Мұның өзі – парасатсыздық етек жая бастайды деген сөз. Демек, мәселенің түйіні айналып келгенде этосқа (одан да көнірек

алсақ-өркенистке) барып тіреледі. Өсіресе, санғасырлық тарихы бар әдептердің әрі мен нәрін кетіріп алған жерде әз істердің жүзеге асуы негайбыл. П. А. Кропоткиниң жазғанында, әрбір қоғамда бұрынғы еткен әулеттерінен кейінгі ұрпақтарына берілетін қоғамдық әдептердің ядросы болады. Оларды жекеленген адамдар және тұтас қауым мәжбүрлеу арқылы қабылдан, ұстанбайды. Өйткені, бұл әдептер әрқандай құштерден де жоғары тұрады. Оның үстіне, көне дәүірлерде пайда болған. Адамзат тарихындағы күлі прогресс құдды сол әдептерге негізделген [7, 368-б.] . Біздіңшіше, регресс те солардан ауытқушылықтан басталады. Бұл ретте Грузин ғалымы М. К. Мамардашивидің айтқан мына сөздері құлаққа қонымды деп білеміз: қоғам мәдениетінің дамуында адамдардың іс-әрекеттері, идеялары, принциптері, дүниетүсінүлдері орын алмай қалған бос жерлер болады; нақ осы жерлерде, мәдениет мекенінің құлазып жатқан жерлеріндеге жауыздық пен нигилизм пайда болады [8, 34-б.]. Осынау "бос" жерлерде, пікірімізше, ұжымдық касірет пен ұжымдық байыпсыздықтың ұғынылмаған архетиптері пайда болып жатады.

Ұжымдық психикада әрекет ететін "ішкі зандаудық архетипі" қоғам тарапынан саналы түрде жасалынатын мәдениетке (әсіресе тұрмыс-салттық мәдениетіне) әсер етеді. Бұл архетиптің әрекеті қоғамдық регулятордың жоқтығына байланысты әуіж алыш отыр. Бұл жерде регулятор дегендеге біз объективтесіндірілген сана болып табылатын қоғамдық зандар мен қоғамдық институттарды назарда ұстау керек екенін еске сала кетпекшіміз. Және информацияны реттейтін, этностиң еркін дамуы мен еркін шығармашылыққа аса қажет болған этостиқ мәдениеті, этостиқ тұрақтылықты қалыптастыратын сананы түсінеміз.

Ұжымдық сананың архетиптерінің тағы бір түрі – экстерналдылық архетипі.

Психологияда өз қимыл-қаралеттері мен ой-пікірлерін бақылауга алуына байланысты адамдарды екі типке беліп қарастыру үрдісі қалыптасқан: 1. Интерналдар. 2. Экстерналдар. Интерналдарға өз ісі, қимылы, қаралеті, қызметі, жүргіс-тұрысы және тәртібін іштей бақылауга алыш, бага бере алатын, сәт сайын, сағат сайын қадап-қадағалап отыратын, қысқа қайырып айтатын болсақ, өз тағдыры үшін жауапкершілік сезімі мықты адамдар жатқызылады. Ондайлар сәтсіздіктерін негізінен өздерінен көреді. Ал экстерналдық топқа өздерінің сәтсіздіктерінің себептерін басқа түрлі жағдайлардан, тіпті жүлдіздардың орналасуынан да іздейтін жандар жатады. Олар өздерін емес, сыртқы факторларды бақылауга алыш, іс-қаралеттерінің нәтижесін өз жауапкершілігі және әрекетімен байланыстыра қарастыруға қабілетсіз. Олар тап болған қыншылықтарды түсінбейді емес, түсінеді, бірақ кедергілерді, олардың себептерін тек сырттан іздейді. Солар жойылса барлық шаруа өз-өзінен ретке келіп қалатын сияқты. Өздерін шындауга, қамшылауга

Әбүшәріп С. Этнос және этос.

құшының отырмайды. Ал парасаттылықты серік еткен жандар қат-қабат жұмыстарына сергек қарап, өздерін бақылауға алуға әркез дайын тұрады.

Біздің өткен 90 жылдан астам тарихымызға көз жүгіртсек, этосымызыдағы барлық жауыздық пен әділетсіздікті реформаторлық сана қоғамдық құрылымның жетімсіздігінен деп түсіндіріп келгенін, бірақ кіріп шықпағанын көреміз. Революциялық шаралар мен әрекеттерде ең басты нәрсе әрдайым сыртқы құрылымсыздықты жою деп есептелінеді. Әрине, мұндай қателіктерге жол қойған Разин мен Пугачевқа кешірімді болу керек-ақ. Ал, Маркс, Ленин, Горбачев және басқалардың (Ельцин, Кравчук, Каримов) мұндай тұрғының себеп-салдары туралы ойлауына болар еді той. Рас, жоғарыда есімдері тілге алынған барлық саяси қайраткерлер кісілік пен кісінің (тулғаның) бір ғана типіне – экстраверттерге жатады, өйткені олардың барлық өзгерістерді сырттағы жағдайлармен түсіндіріге әуес болғандығы белгілі.

Экстерналдық архетип дөрекі материализммен тығыз байланысты болғандықтан, тарихи процесті стихиялық күштердің іс-әрекетіне тәуелді деп түсіндіреді. Осыдан барып біздің саясаткерлеріміздің революциялық максимализмі өріс алады. Сыртқы жағдай мен затты қалағанынша өндеп, өзгертуге болады: не істесен де еркінде. Нәтижесінде революционерлер-реформаторлар әлдеқандай ғажайып істерді әп-сәтте тындырып тастантынына сенеді. Социализмнің дүниетаным ретіндегі философемасының негізін адамдағы жауыздық пен жақсылықтың сыртқы жағдайларға түбекейлі тәуелді екендігі тұрасындағы қағида құрайды. Осыдан барып, П. Сорокиннің сөзімен айтсақ, Ресей этносының революцияға жерік болуы, төтенше сыртқы жәрдемге бейілділігі және базалық қажеттіліктердің үдайы қанагаттанбауы орын алады. Ресейде, әрине, оның артынан ілесе жүретін Қазақстанда да саясаткерлер бүтінгі күнге шейін үйдің сыртын ғана қайтадан өнділең, өзгертуге иек артуда.

Экстерналдық архетипіне, әсіресе, мына біздің ұлттық ой-пікіріміздің эволюциясы мысал бола алады.

Кейде бізде осындаған ой-пікірдің өзі бар ма екен деген ойга қаласың. Еуропаға көз салсақ шеллигианшылдық, гегелшилдік, сен-симонизм, позитивизм, марксизм, ницшешілдік, неокантышылдық, фрейдизм, неофрейдизм, экзистенциализм, неотомизм... тәріздес ағымдарды көруге болады. Ресей де бұдан құр алақан емес екен: чадаевшылдық, толстовшылдық, соловьевшылдық, шестовшылдық, пастернакшылдық, петлюровшылдық, гайдаровшылдық, еуразияшылдық және т. б. Ал бізде ше: біздер де үп-үлкен бол өсіп келеміз, бірақ пісіп-жетілгеніміз жоқ, кемелденуге қол жеткізгеніміз жоқ. Біздер дербес ойлауға үйретілмеген балалар сияқтымыз. Бәрін басқалардан алмақшымыз және үйренбекшіміз. Қызық! "Алайда осы ахуалдан түзілестіндей ештеңе жоқ. Бүкіл адамзат бұган сан ғасырлар бойына үйреніп келді, біз де үйренетін боламыз. Оның үстінен

бізге, бәлкім, оңайлау тиер, өйткені біз басқа елдердің, әлемдік қоғамдастықтағы бауырластарымыздың тәжірибесіне ие болып отырмыз" [6]. Қашанға дейін үйрене берер еkenбіз? Кәмелетке жеткенде де өзіміздің ештеңеміз болмайды ма? Біздің ортамыздан кейінгі он жылдықтарда бірде-бір ұлы шындық, идея мен пікірдің шықпаганы көп нәрсені аңғартса керек. Біздер өз бетімізben, өзімізше бірде-бір әлеуметтік маңызы бар ауқымды істер тындыра алдық па? Бұған кім кандай уәж айта алар еken? Ал жасай алғанымыздың бәрін басқалардан ала салмадық па? Біздің елкітей, елжірей жүріп алғанымыз тек бөгделер "бұйымдарының" сырты емес, сырты, сираты емес, суреті ғана шығар. Бұрындары орыстандық, советтендік, коммунистендік – соған мәз едік. Әрине, бұл мәжбүрлеу, күштеу арқылы жүзеге асырылған шаруа еді. Ал қазір кімнің еркімен... Жоқ, әлде бұл да мәжбүрлеудің жемісі ме еken? Қазіргі таңда европаланыш, дұрысырағы, американданыш барамыз ба, қалай! Соңда біздің халық ретіндегі тарихи тәжірибеміз қайда қалды? Тарихи құндылықтарымыз бен қалыптарымыз мұлдем жоғалып, құрдымға құрып кеткені ме? Немесе іске алғысыз бол қалғаны ма? Өз-өзінен түсінікті, біздің этносымыздың эстерналдылықтың дистрессстік архетипі колониализм мен социализм тарапынан орнықтырылды. Ол империялық амбіциялар мен әсіремақсаттардың жүзеге асырылуының барысында "шындалды". Коммунистер мен шолақ белсенділердің артынан қалмай көпшілік қазақтар, әсіресе кейінгі он жылдықтарда "кез келген көлденең көк атты үп деп үрлеп ұшырып жіберетін ебелек" сияқты далақтан жүре берді. Бұл кездерде жену, жою, құрту, қуып жету, басып озу, коммунизмді құру деп ұзақ және көп ұрандатылатын еді. Біздер индивидуалдықты, ұлттылықты, традициялық өркениетті, кісілікті, тұлғаны және оның интеллектісі мен жауапкершілігін жаппай жойып жіберуге бағытталған, этносымыз бен этосымызға жат болған жүйенің принциптеріне ойсыз бас ұрдық. Ал өзіміздің өте диалектикалық-пластикалық, әр түрлі жағдайлар мен іс-әрекеттерде қолдануға болатын ахлақтық-діни принциптерімізді естен шығарып алдық. Нәтижесінде әрекетсіздікті, жігерсіздікті, жауапсыздықты, сыртқы факторларға ғана иек артуды ақтайтын "жалпы" теорияны қабыл алдық. Галымдарымыз, жазушы-журналистеріміз, оқытушыларымыз мұның бәрін халқымыздың мызғымас ахлақтық ерекшелігі деп түсіндіруге әуестенді. Мешеу қалған, артта қалған қазақ сияқты халық озық, озып кеткен орыс халқынан, қала берді европалықтардан үлгі алу керек деген пікір көпшіліктиң санасынан орын тепті. Соларда не істелініп жаткан болса, біз де құр қалмауымыз керек деген императив әбден орнықты. Коммунизмнің жарқын болашағы үшін қызмет ету, тіпті керек болса өзінді, ата-анаңды, тілінді, этносыңды құрбандыққа шалуға дейін бару идеясы жүрттың миына әбден сіңірілді. Осындаид идея этосымыздың барған сайын құлдырауын дайындаған субъективтік алғышарт болды. Ал дамыған қоғамдық ерік-жігер мен субъективтік жауапкершіліктің

Әбушәріп С. Этнос және этос.

жоқтығынан қоғамдық этникалық санамыз қоғамдық регулятор ретіндегі міндеттің орындауға қабілетсіз болып шықты. Соның салдарынан біз осы күнге шейін Кеңес идеологиясы мен оның тәжірибелерінен толық арыла алмаған барлық мемлекеттік жүйенің өне бойындағы дағдарысты басымыздан кешірудеміз. Бұл дағдарыс 1995 жылға карай өзінің шарықтау шегіне жетті...[6]. Экстерналдылық әрдайым реформалар жасауга ұмтылдырады. Бірақ, бізде жүргізілген реформалар күткен нәтижелерді бере алған жоқ еді. Себебі, 90-жылдары нарықтық және басқа реформаларды одан әрі ілгерілетуді қамтамасыз етуге тиісті адамдар рухани-психологиялық және біліктілік жағынан дайын емес еді. Реформаторлардың бірсынырасының өз этосынан алшақ тұрганы және басқа жүргіттардың идеялары мен ұмтылыстарының мирасқоры ғана болып қалып отырғаны сыр емес. Бұл жөнінде Орал облыстық "Қазақ тілі" қоғамының III конференциясында сөйлеген делегаттар ойларын ашық айтқан. Олар, әсіресе тіл туралы заңды орындауда жасалмай жатқан жұмыс көп екенін, ең алдымен осынау маңызды халықтық іске лауазымды адамдар тарарапынан көңіл бөліп, қамқорлық жасауға деген ниеттің жоқтың қасы екенін, қазақ қамын соғатын орында ынғайшыл адамдардың орнығып алғанын ашына айтқан еді [9]. Сондықтан да барлық жерде ат тізгіні өз этосы мен этосының құндылықтарын тұтынатын кісілердің қолында болғаны жөн болар еді. Мұнда сыртқы фактор мен тәжірибелі назардан тыс елеусіз қалдыруға болмайтыны да өз-өзінен түсінікті жәйт. Солай десек те, ішкі әлеует, мұмкіндік мен бірліктің этнотогыстырудары рөлі асқақ. Адамның өмірін ұзарту мәселесімен айналысқан дао-системер "ішкі эликсиридің" маңызын атап өткен еді. Олар іштегі жайттер мен мәселелерге ден қою керек екендігін ұқтырған. Мұның өзі, әсіресе ақыл-парасатқа қатысты екен [10, 18-б.]. Қысқартып айтқанда: ішкі әлеует, ішкі мұмкіндік, ішкі кемелділік – нағыз мықтылық екенін естен екі елі шығармағанымыз жөн. Ресей Қазақстанды оп-опай жаулап алды, демек сыртқы фактордың рөлі өлшеусіз екен деп бүгінде кейбіреулер өзуерейді. Бұл – өте қате пікір. Өйткені, КУШ (білім, техника) қазақтар жағында болғанда Ресей не істей алар еді? Уақытша женіс те, женіліс те болуы мүмкін еді. Бірақ қазақтар 250 жылдан астам уақыт «құлдықта» қалып кетпеген болар еді гой.

Интерналдық пен экстерналдық принциптерінен келіп шығатын болсақ, зиялыштарымызды да екі типке бөліп қарастыру керек болады. Біріншісіне құндылықтарды өздері жасайтындар жатқызылады. Ал екіншісіне тек басқалардың жасағандарын тіпті жаңартса қайталау демейік, жәй ғана қайталау, онда да оларды әйгілеу, жарнамалау ғана тән. Екінші топ, бізде көп санды және белсенді болып келеді.

Экстерналдылық архетипінің сана астындағы қызметі түптің түбінде адамды, бүтін басты этности өзіне деген құрметінен айырады. Басқаша айтқанда, ол басқалардың келеңсіз әдет-салтын қабылдаудан сақтайтын,

олардың қыңыр-қисық қылыштары мен іс-әрекеттерінен сактандыратын регуляторды іске алғысыз қылыш тастандайтын. Осы архетип тұтастай алғандағы біздің этостиқ мәдениеттімізге (өндіріс және тұрмыс мәдениетіне де) мықтап түршіп әсер еткен және қазір де өз үкімін жүргізіп келеді. Айта кету керек, экстерналдық мәдениет шын мәнінде бәрінен де әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерде, қоғамдық тәртіп пен пікірде, адамның өзін сөндөндіру мен үйін жиһаздаудында, егіншілік пен мал шаруашылығы жұмыстарын атқаруындағы әдістерде де өз көрінісін табады. Экстерналдық мәдениет адамдардың психологиясы, көңіл-күйі, тілті түр-тұлғасында да ізін қалдырады. Ол мәдениет барлық архетиптерімен қоса тіпті адамдардың тиісті тұрмыс салтында терең іздерін қалдырмай қоймайтын қасиетке ие.

Мысалы, қазақша білмейтін орыс тілді кейбір қазақ жастарын "казахи-кус" типі ретінде жаңылышсыз тануга болады. Бұрындары обком, горком, райком қызметкерлерін "партия қызметкерлері-кус" типі, ал шет елге шыққан КСРО азаматын "советикус" типі ретінде ажыратып алуға болатын еді.

Бір қызығы, әрине, әрі өкініштісі – барлық архетиптердің қазіргі өмір ағымына ілесе алмай, шынайы тіршілік қам-қарекеттерінде бір-біріне қарама-қайшы келіп жататын тұстары да бар екендігі даусыз. Жоғарыда сипатталған "ішкі заңдылық" пен экстерналдық архетиптері өмір муддесінен шыға алмай отырғандастықтан, қоғамда шешімін тауып болмайтын ішкі қайшылықтар жүзеге келеді. Бұл жайт "сана аберрациясы" деп аталатын тағы бір архетиптің әрекетінен де көрінеді.

Сана аберрациясы (даму заңдылықтарынан ауытқушылық) – ақыл-ойдың қатысуынсыз делебениң қозуы, бұл – өздік санасын қатысуынсыз әрекет ететін сезімдер, бұл – ақырында тұлға мен оның санасының арасында жардың пайда болуы. Қоғамдық пирамиданың төбесінде (ең төбесінде – реформаторлар тұр) пайда болған және бүкіл халық арасына тараған бұл архетип адамның өмір тұрасындағы ой-пікірін өзінің субстанциясынан, отбасынан ажыратып әкетіп, оны тыскарыдағы, көшө мен қоғамдағы бұырқанған қозғалысқа қарай бағыттап жібереді. Мұнда әлдеқандай абстракция ретінде алып қарастырылатын жамиғат (нақтылы адамдар емес) реформаторлардың ойлары мен іс-әрекеттерінің басты предметі болып қалады. Жекеленген интеллекттер өз импульстерін қоғамдық жерлер, митингтер мен жиналыстарға бағыттай бастайды.

Адамдардың санасын жанши отырып, өз кезінде діннен безген, дінді тәрк еткен реформаторлар өздері анық, түсінбеген халде жаңағы адамдарды өз этносының қажеттіліктегі түгілі, оларды өздерінің мудделерін елемейтіндей етіп қалыптастыруға ат салысты. Әрине, жеке бастың муддесі – бұл ұялатын нәрсе емес. Кешегі социализм заманында пайда іздеушілікті ұят деп айтқандар тек халықтың есебінен күн көрген жатып ішер шенеуніктер болатын. Ол кезде өз пайдаңды ойлаудың позитивтілігі тұрасындағы ой-пікір жүрттың санасынан шайылып жіберілген еді. Осыдан барып коммунист

Әбүшеріп С. Этнос және этос.

басшылардың айтқандарына ойсыз бас ұру белен алды. Сенімпаздық және халықтың өз мұддесіне салғырт қарауына лауазымды адамдар мұddeлілік танытып, ол сондай-ақ, арамтамақтардың ойына дөп келді. Нәтижесінде билік тізгінің ұстаган мансапқорлар адамдарды патологиялық дертке ұшыратып үлгереді. Не десекте, революционерлер, коммунистер, шенеуніктер халыққа өмірлік практикалық маңызы бар білімдерді бере алған жоқ. Оның үстінде, өмірдің мәні неде, өмір сүру үшін қажетті қуатты қайдан алу керек деген сұрақтарға да жауап берे алмады. Сананы өз субстанциясынан (адамнан), оны тұрмыстық маңызы бар мәселелерді шешуден алшақтату түтеп келгенде ерік-жігерді тәркілеуге әкеп соқтырады. Жігерсіз сана дәрменсіз бол қала береді. Сейітп, ол стихиялық, кездейсоқтық магынадағы иррационалдыққа айналады (әрине, діни-мистикалық және көркемдік маңыздыға ие болған сана емес). Кездейсоқтық бар жерде стихиялыққа жол ашылады. Оның үстіне, қоғамдық регулятор өз міндетін атқарудан қалған болса, дағдарыстың терендей беретіні сезсіз.

Сана аберрациясы авторитарлық әдістермен жалпылықтың орнықтырылуында көрінісін табады. Оны, әсіресе ой-пікірлер, пайымдаулар, бағалаулар мен симпатияларда орнықтырылуынан байқауға болады. Ол қоғамның білім алуды мен информациилануы деңгейінің өсуімен қатар жүретін ой-ойлауды жан-жақты саясаттандыру сияқты процесстерден де көрінеді. Қазан тәңкөрісінен кейінгі кезеңде реформаторлық пен өкіметтің біте қайнасып, қосылып бір қолда шоғырлануы бұл архетиптің маңыздылығын беріттіріп көрсетуге, қала берді заңдастыруға мүмкіндік туғызды. Соған қарамастан рационалды, парасатты, ізгілікті, мақсатқа сай өмір сүруге тиісті қоғам құрылмады, өйткені ұғынылмаған тарихи қателіктер, тарихи қажетсіз-жағымсыз тәжірибе-эксперимент, өмір формуласына логикасына емес, формуласына ден қою, бірінші кезекте, адамның қадір-қасиеті мен оның мәдениетінің өсуін қамтамасыз ететін регуляторлық міндетті атқаратын этостиң, универсалдық сананың, этостиң тұрақты құрылымының бұзылуына әкеліп соқтырды. Ідірап бара жатқан этос жағдайында тұлға өзін қандай сезінеді? Қоғамды дағдарыс жайлайған жағдайында тұлғаның адаптациясы мен идентификациясының үш типін ажыратып көрсетуге болады: белсенді, пассивті және ойлайтын (рефлексивті) тұлға.

Біздің иррационалдық этосымыздың ақыл-ой, шығармашылық пен өздік сананың барлық үшқын-шоғын үрлеп өшірге тырысуына қарамастан, тұлғаның жанды творчестволық энергиясы әркез буырқанып жатады. Осынау энергияны басып жаншу – революция мен тоталитаризмнің басты мақсаттарының бірі. Қоғамды барлық процесстерді мұқият және кәсіпқойлық деңгейінде реттеуді талап ететін ядролық реактормен салыстыруға болады. Революциялық қиарату кезіндегі қоғамды бақылаудан

шығып кеткен реактормен тәнестіруге болатын сияқты. Мұндай жағдайда көп мөлшердегі белсенділік қажет болмаған жерде де өзін көрсете береді.

Бос белбеулікке (пассивтілік) келетін болсақ, ол өмір ұсынған барлық нәрсені сын көзben қарамай, жәй гана қылғыта беруден, яғни қабылдай беруден тайынбайды. Ал ислам талап ететін шыдам, сабыр, тағат бұл жерде халықтың осы бөлігінің қоғамдық санасызың архетипін сіңіруіне мейлінше көмектеседі.

Ал, ыдырап бара жатқан этос субъектілерінің ойлайтын бөлігінің жүті ауыр. Олардың алдында тұрган міндеттер – ұрпақтардың, сондай-ақ, ажыралып қалған құндылықтар мен өздігінен айрылған сананың үзілген жілтерін жалғау, бұл хаостан өзінін орнын табу, болып жаткан оқиғалар мен құбылыстарға өз көзқарасын анықтау.

Бұзылып бара жатқан этостиң жағымсыз салдары, әсіресе жекедаралық өмірдің мекен-мезгілдік континуумының күрт тарылып, азайып баруынан байқалады. Егер бұзылғанға дейінгі кезде адам өткенге байланысты, сондай-ақ қазіргі күн мен келешектегі өмірлік маңызы бар байланыстардың көп мөлшеріне ие болған болса, қоғамдық құрылым қираган кезде бұл байланыстардың спектрі күрт тарылады. Тек бүтінгі күн қажеттіліктерімен гана шектелетін болып қалады.

Адамның аман калуы үшін жанталаскан әрекетте болуы тәртіп пен жүріс-тұрыстың түрлі инстинкттерін тудырады. Мұның інтижесінде оның өміріндегі көрнекті орынға әбіржушілік пен үрей шыға келеді. Қорғанудың онтайлы түрлерін әркім өз бетінше таңдайды. Мұндай жағдайда оның бітім-болмысы мен санасында әлем көрінісінің мекен-мезгілдік және дүниетанымдық шекаралары қысқарып және тарылып бара береді. Бұдан тысқары, оның психологиялық-хронологиялық жасындағы өзгерістер де көзге ұшырайды. Қоғамның бір бөлігі "ғаламдық" өзгерістер болып жатқан жерде хроно-логиялық жасына қарамастан өзін көрі сезінеді, ал басқасы өздерінің көктемде өсіп шықкан көк шептей өркениетті жаңашылдар екенине сенімді. Өздерін көрі есептейтіндер белсенді әрі өнімді қоғамдық пайдалы іс-қызмет саласында қабілетсіздік танытып, артқа қарайлай береді. "Жаңалар" да парасатты творчестволық және қоғамдық тұрғыдан пайдалы іс-қызметке жарамсыз бол шығады (архетиптер құрсауынан шыға алмағандықтан және өз этосынан нәр алып ұлғаймағандықтан). Құндылықтар құны құрдымға кеткен бүтінгі күнде ескі мен жаңа (өмір салттары) қоңсы қонған. Материалдық және рухани жағынан бүрінғы құндылықтар қазіргілеріне – «жаңаға» тәуелді бол қалуда, Мұның өзі ұрпақтар арасын ажыратып тастауда. Осының өзі ғана біздің этосымыздың, қоғамымыздың ауыр дертке ұшырағанының айғағы болып табылады. Тарихтың халықтың өткені мен бүтінің жақындастыруға, табыстыруға қызмет ететіні белгілі. Алайда, ат тізгін мәңгүрттенген ұрпақтың қолында берік тұрған және тарих саясаттың ойынына айналып отырған қазіргі дәүірде жағымды заңдылықтар мен

Әбушәріп С. Этнос және этос.

мүмкіндіктер жүзеге аспақ емес. Елеулі тарихи оқигалар басталмақ емес. Демек, біздің шын мәніндегі ұлттық сипаттағы тарихымыз 1990- жылдары әлі бастала койған жоқ еді.

Этос бұзылған кезеңде қогамдық санамыздың, оның ішінде этникалық өздік санамыздың бетбұрысы байқалып отырған жоқ. Мұндай жағдайда адамдардың психологиялық реакциясы көзге көп түсे береді. Туындаған жаңа ситуацияға байланысты жеке-даралықтың қалыптасуы кезеңінде қогамдық сананың мұлдем төбе көрсетпей қоятыны бар. Себебі, жеке-дара кісілердің мұн-мұдделерінен әлдекайда жоғары түрған құндылықтардың қажетті де түркітің жақтары жағымсыз факторлардың кесірінен көріне алмай қалады. Құндылықтар аспаның қара бұлт торлаған мұндай кезде өмір сүру үшін, қала берді, аман қалу үшін өз қамымен әр жаққа, сан жаққа жүгіріп жүрген индивидтер тобырынғана көре аламыз. Бұқаралық сана осынау индивидтердің, көптің тасасында тықсырылыш қалған. Ол аласұра, жанталаса желіп-жүгіріп жүрген жеке кісілер қоржының түбінде елеусіз қалғып қалып кете береді. Ал, бұзылып бара жатқан этос жағдайындағы индивидуалдық сана өзінің құрылымдығы мен тепе-тендігінен айрылған. Мұндай жағдайда қарама-қарсы, қайшылықты топтардың тірлігіне тап бола беріп, діңкең құриды. Психикалық іс-әрекеттердің қырланып-сырлануға мұқтаж болған түрлі деңгейлері бірін-бірі басып-жанышып жүре береді. Үйлесімдік дегеніңіз атымен жоқ. Мәселен, оқшаулануға, оқшау жүріп-тұруга, жеке-дара өмір сүрге деген бейілділік адамның дүниені түсінуге тиісті қабілеттің төмендетіп жібереді, оны агрессия мен ішкі эмиграцияның қойнына сұңғітіп жібереді. Адам томага-түйік өмір сүруте мәжбүр болады, бірақ мұның қауіпті екенін ол түсіне бермейді. Ол, ол ма, осындағы ситуацияға тап болған жандар жаңа да шынайы идеяларды қабылдауға мұлдем қабілетсіз бол шығады.

Бұзылып, айнып, азып бара жатқан құндылықтардың жағдайында ақылсыздықтың, мәніссіздіктің үш түрі үстем болады: өзі білмейтін нәрсенің бәрін терістей салады; не естіген болса, соның бәріне кәміл сенеді, ойсыз бас үрады; эволюцияның жаңа кезеңде жүзеге келген құбылыстарға көз жұма қарайтын әдет тауып алады. Осының бәрі орныққан жерден, абсурдтық мәніссіздік, ақылсыздық жайлайған жағдайдан шығуды іздестіру қаперіне де кірмейді. Бұдан жалған пайғамбарсымақтар, сары, ақ, көк әулиесымактар, түрлі құтқарушылар мен көсемдер барынша пайдаланып, пайда тауып қалады. Оларға сәжде ететіндер, сенетіндер, шашбауын көтеріп, қолпаштайтындар тым көбейіп кетеді. Құдды осындағы кезде соғыстар, жанжалдар, қантөгістер, сойқан сатқындықтар, рухани қайыршылық, моральдық жағынан азып-тозу, тіпті экологиялық апаттар асқынып, шегіне жетеді [1].

Егер революция қарсанында иррационалдылық қобалжу-қозу мен нала-наразылық түрінде көрінсе, революциядан кейінгі бұзылу кезеңдерінде ол қогамды артқа ондаған жылдарға лақтырып тастай алатын толып-тасқан теріс энергияға айналады. Доғал регресс етек ала бастайды. Эволюцияның

қозгаушы күштері болмыш кемеліне келген ақыл-ой, рационалдық бастау, қисын мен парасаттылық революция жылдарында, реформа заманында деп те айтуға болатын шығар, ұзақ ұйқыға кетеді. Нәтижесінде тарихтың сабактары зия кетеді. Десек те қазақ қоғамында жана парасатты кезең, кез келмеске кетті деуге болмайды. Бірақ, ондай кездің келуінің басты шарты – еткен мен қазіргі күннің қателіктерін саналылау мен ұғынуда деп білеміз. Ол үшін алдымен "қазақтың қоғамдық организмінің миын" қалыптастыру қажет-ақ. Әрине, ол органды сырттан әкелуге әуестену – әурешілік. Ол тиімді тәсіл емес. Қазақтың "миы" төл топырақтан жаралған, төл этостан нәр алып, өсіп-өркен жайған "ми" болуы қажет әрі шарт. Жоғарыда айттылғандардан шығатын қорытынды: этос этникалық өздік сананың рухани-саналы өзегі мен негізі болып табылады. Ол бұзылған жерде өздік сана да өзінің асқақ рухын жоғалта бастайды. Құңғарттengen, меніреулengen санада этостың бітім-болмысын, ұлттың ұлттығын, өздігін, мендігін сәулелендіре аларлыктай қауқар да қалмайды. Демек, дистресстік этос пен ұлттық өздік сананың шектеулігі – қашанда туыстас. Бұл екеуі бірдей бірігіп кетсе жалпы этостың дамуы жолында биік дуал секілді үлкен тосқауыл пайда болады. Бұзылған этостың жағдайындағы сана-сезімнің рухани әлеуеті әлсіз, әрекеті әлжуаз. Бұл жерде еске ұстайтын тағы бір тағылымдық маңызы бар ақиқат бар – халық өз құндылықтарын, мәдениетін сақтап қала алса ғана, бұлар, өз кезегінде, ертеңі бір қын-қыстау күні халықты, халықтың өзін сақтап қалады. Кез келген қирату мен айналаны ластау этос пен адамға қарсы, сондыктан да оларға тәжекеу салынуы қажет. Осы күні көбейіп кеткен зорлық пен зомбылықты азайту жолдарын төл этосынан іздең табу мақсатқа сай келетін іс болар еді. Қасиет қайда, қазына қайда десек, этоста еken гой. Этосының азып-тозуына жол беретін әрбір этнос өз шегіне өзі келіп қалатын болады. Этностиң, оның барлық мүшелерінің бастауы – этос, олай болса этостың келісімді жараптығын жарақаттамау әрбір есі бар, дәні сау адамның парызы болмақ. Сайып келгенде, экономиканың құлдырауы немесе қарыштап өсуі, сондай-ақ, тоталитаризмнің жойқындығы немесе демократиялық-құқықтық мемлекеттің орындырылуы сияқты кардинальдық құбылыстар, басқалай тарихи оқиғалар – мұның бері этос сияқты феноментағдырының көлеңкесінде қалып кететін сияқтанып тұрады. Қайда қарасаң да әрдайым этнос тағдыры мен тарихы, этнос өміршебділігі ақырында этосқа тақаулау барады. Еш уақытта шешіліп болмайтын әлеуметтік теңсіздік пен келең-сіздіктің басты себеп-сыры этостиң табиғаты мен қасиетінен туындаиды. Мұның дауасы өміршен, салауатты, мықты төл этосты жаңдандыру мен жаңарту есебінен іске аспақ. Ол – тарихи тәжірибе мен сана, дәстүрлер мен императивтер бірлігін қамтамасыз ете алатын күш-құдірет. Қоғамның тіршілік тұтқасына айналған құндылықтар мен рухияты негізінде басқалардың да тәжірибесінен пайдалану әрдайым оң нәтиже беретінін өмір көрсетіп отыр.

Әбушаріп С. Этнос және этос.

Этос жұтаса нағыз рухани, моральдық, экономикалық және экологиялық дағдарыстың келгені. Этос қаз-қалпында қалса жан дүниеміз бен қоғам тіршілігінің оңға басуына, заңға сүйенген еліміздің саяси жүйесінің дамуына жол ашылады. Жұртымыздың этникалық ой-санасы мен пейілі кең, пиғылды таза, ал тұтастай алғандағы қоғамымыздың ой-сана экологиясы әрдайым терең-тендікте болғанын қалар едік. Көрініп тұрганында, этос, этникалық өздік сана мен өркениетті тығыз байланыстырықта алып қарастыру тиімді де онтайлы әрі қажеттілік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Донченко Е.* Ди斯特рессовый опыт в разрушающемся этосе // Философская и социологическая мысль. Украинский научно-теоретический журнал. – 1995, № 7, 8 – С. 94.
2. *Ильин В.В.* Философия. - Т. 2. – Ростов-на-Дону: «Феникс», 2006. – С. 442-448.
3. *Қауынбаев Т.* Ақырғы демі үзілмейді ақынның // Егеменді Қазақстан. 20 қантар, 1996 жыл.
4. *Дәүітұлы С.* Бұлак басынан тұнады // Егеменді Қазақстан. 17 қантар, 1996 жыл.
5. Ди斯特ресс – стресстің жағымсыз салдары екенін еске саламыз.
6. Н.Назарбаевтың Қазақстан Парламенті сессиясында сейлекен сезінен алынды // Егеменді Қазақстан, 31 қантар, 1996 жыл.
7. *Кропоткин П.А.* Записки революционера. – М., 1966. –С. 368.
8. *Мамардашвили М.К.* Быть философом – это судьба // Философская и социологическая мысль. – 1989, № 2. – С.34.
9. *Жаскалиева Б.* Тіл тағдыры – ел тағдыры // Егемен Қазақстан. 17 қараша, 1995 жыл.
10. *Иолан Чжан.* Дао любви. – Киев. 1992. –С.18.

РЕЗЮМЕ

В статье «этос» рассматривается как духовная и психологическая основа этнического и национального самосознания. Раскрывается содержание этоса и даны ценности и нормы, составляющие этого этоса.

(С.Абушарип. Этнос и этос)

SUMMARY

The article deals with the term «etos» as the spiritual and psychological basis of the ethnic and national selfconsiosness. Expose the matter of the «etos». Reduce to valuable and rull of contuct.
(S.Abusharip. Ethos and etos)

ÖZET

Makalede “etos” etnik ve milli ahlakının ruhî psikolojik temeli olarak incelenir. Onun özü açıklanır ve etosun maddi ve manevi değerleri söz ediliyor.

(S.Abuşarip. Halk ve etos)